

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының жанындағы Сот төрелігі
академиясы ректорының
2023 жылғы «02» наурыз
№ 6002-23-7-8/20 бұйрығына
Қосымша
Ғылыми кеңестің
2023 жылғы «24» ақпандағы
шешімімен мақұлданған,
№ 7 хаттама

**«Сот төрелігі академиясының хабаршысы»
ғылыми журнал туралы Ереже**

*(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі
академиясы ректорының 31.03.2023 ж. №6002-23-7-8/32 бұйрығымен
өзгерістер енгізілді)*

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» ғылыми журналына (бұдан әрі – Журнал) қойылатын ұйымдастырушылық – техникалық және мазмұндық талаптарды айқындайды.

2. Журнал Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 6001-20-7-4/65 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы Жарғысының 14-тармағының 11) және 12) тармақшаларына сәйкес шығарылады.

3. Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-і (бұдан әрі – Академия) болып табылады.

4. Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде (бұдан әрі - Министрлік) тіркелген, 2023 жылғы «24» ақпандағы № KZ57VPY00065448 тіркеу куәлігі.

«Сот төрелігі академиясының хабаршысы» желілік басылымы Министрлікте тіркелген, 2023 жылғы «31» наурыздағы №KZ71VPY00067233 тіркеу куәлігі.

5. Журнал ғылыми рецензияланған, ақысыз мерзімді басылым болып табылады.

6. Журналда заң ғылымының әртүрлі салаларында, соның ішінде сот жүйесі мен сот білімі мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

7. Журнал жылына төрт рет баспа түрінде шығарылады. Журналдың электрондық-цифрлық нысаны Академияның сайтында орналастырылады.

8. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

9. Нөмірде жариялауға бір мезгілде автордың жеке-дара жазылған бір мақаласынан және бірлескен авторлықтағы бір мақаладан артық емес мақала қабылданады.

2. Журналдың саясаты, мақсаты мен міндеттері

10. Ғылыми Журнал редакциясының саясаты ғылыми, сенімділік, объективтілік, кәсібилік, баспа этикасы мен академиялық адалдық нормаларын сақтау қағидаттарына негізделген.

11. Журналдың мақсаты - Академияны қазақстандық және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялау.

12. Журналдың негізгі міндеттері:

- заң ғылымының жекелеген бағыттарының қазіргі жай-күйін нақтылайтын бірегей ғылыми-зерттеу жұмыстарының, теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін көрсететін мақалалар, шолулар жариялау;

- құқық қолдану, оның ішінде сот қызметі мәселелерін және оларды шешу жолдарын көрсете отырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау;

- қазақстандық және шетелдік зерттеушілер арасында заң ғылымдарының түрлі мәселелері бойынша пікір алмасу;

- түрлі ғылыми мектептер өкілдерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- отандық және әлемдік ғылыми қауымдастықта қазақстандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін насихаттау;

- жас ғылыми кадрлардың талантын ашу және ілгерілету;

- жоғары оқу орындарымен ғылыми коммуникацияларды дамытуға жәрдемдесу;

- басым ғылыми зерттеулерді ақпараттық қолдау, прогрессивті ғылыми идеяларды насихаттау;

- жетекші шетелдік ғалымдар және тәжірибешілер өзара әрекеттесу және де оларды жарияланымдар мен жұмыстарды рецензиялауға тарту;

- жетекші ғалымдар мен тәжірибеші мамандар арасында диалог пен білім алмасу үшін ақпараттық алаң ұсыну болып табылады.

3. Журнал басылымын ұйымдастыру

13. Баспа стратегиясын, жарияланатын материалдардың өзекті тақырыбын айқындау, Журналды қалыптастыру және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды Редакциялық кеңес, Редакциялық алқа және Редакция жүзеге асырады.

14. Журналды басқару дара басшылық пен алқа үйлесімі қағидаттарында жүзеге асырылады.

15. Редакциялық кеңес – Журналдың даму стратегиясын анықтайтын өкілді орган.

16. Редакциялық кеңестің құрамына халықаралық және/немесе отандық дәйексөз жүйелерінде дәйексөзділігі, сондай-ақ заң ғылымдарындағы жетістіктері бар отандық және шетелдік ғалымдар, сот жүйесінің өкілдері, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың басшылары кіреді.

17. Редакциялық кеңесті Академия төрағасы - ректоры басқарады. Төрағаның орынбасары Журналдың Бас редакторы болып табылады.

18. Редакциялық кеңестің Төрағасы:

1) Журнал туралы Ережені бекітеді;

2) Журналды «баспаға» деп қол қоюға, сондай-ақ оны таратуға рұқсат береді;

3) Журналдың тарату тізімін бекітеді;

4) Бас редакторды, Бас редактордың көмекшісін, Редакциялық кеңестің, Редакциялық алқаның және Редакцияның мүшелерін тағайындайды;

5) жеке мәселелер бойынша өз өкілеттіктерін Бас редакторға береді.

19. Редакциялық алқа (ғылыми бағыттар бойынша жауапты редакторлар) Академия қызметкерлерінен, судьялардан, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарының өкілдерінен құрылады.

20. Бас редактор Редакциялық алқа мен Журнал Редакциясының жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Бас редактор қолданыстағы заңнаманы және осы Ережені басшылыққа алады.

21. Бас редактор:

- Редакциялық кеңес Төрағасының тапсырмаларын орындайды;

- Журналға жалпы ғылыми жетекшілікті жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының сақталуына, осы Ереженің талаптарының орындалуына жауапты болады;

- Журналда жариялау жұмысы жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды тарту бойынша жүргізіледі;

- Академия ректорына Редакциялық кеңестің сандық және сапалық құрамы бойынша ұсыныстар енгізеді;

- Журналда жариялау үшін ұсынылған материалдарды қабылдау және қабылдамау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

- Академияның ресми сайтында Журнал туралы ақпаратты уақтылы жаңартуды қамтамасыз етеді;

- мақалаларды қабылдау және рецензиялау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

22. Редакциялық алқа Журналдың ағымдағы редакциялық саясатын айқындайды, Журналдың кезекті нөмірлерінің мазмұнын қарайды және бекітеді, Бас редактормен бірге Журналдың жоғары ғылыми деңгейіне және оның ақпараттық жинақталуына жауапты болады.

23. Талқылауға ұсынылған әрбір материалға қатысты шешім қабылдау кезінде Редакциялық алқа рецензенттердің пікірін ескереді.

24. Редакциялық алқа мүшелері:

- Бас редактордың тапсырмасы бойынша Журналда жариялау мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін қарауға ұсынылған ғылыми мақалаларды зерделейді;

- Журналдың Бас ғылыми редакторымен журналдың ғылыми деңгейіне және оның барлық құрамдас бөліктеріне өзінің ғылыми бағыты бойынша жауапкершілік бөлінеді;

- өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Редакциялық кеңестің, Академия ректорының, Бас редактордың шешімдерін басшылыққа алады;

- Журналға өз ғылыми бағыты бойынша жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды тартуға ықпал етеді;

- Журналда жариялау үшін ұсынылған материалдарды қабылдау және қабылдамау мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға қатысады.

25. Редакция келесі функцияларды жүзеге асыратын Журналды шығару жөніндегі негізгі ұйымдық-техникалық құрылым болып табылады:

- келіп түскен мақалар мен оларға қоса берілетін материалдарды қабылдау, тіркеу және сақтау;

- материалдарды келіп түскен материалдарға, Журналдың жариялау этикасына қойылатын техникалық талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ заңсыз қайталау (плагиат) мәніне тексеру;

- рецензенттермен өзара әрекеттесу және мақалаларды рецензиялауға жіберу;

- Журнал макетін қалыптастыру;

- Журналдың Редакциялық алқаның отырысын ұйымдастыру;

- қолжазбаларды электрондық беттеуді, түзетуді ұйымдастыру;

- Журнал шығаруды қамтамасыз ету және Журналды тарату;

- Журналды Академия сайтында орналастыру;

- міндетті таратуды, жазылуды ұйымдастыру арқылы Журналды тарату;

- Журнал шығарылымы бойынша статистикалық деректерді дайындау.

26. Редакциялық кеңестің, Редакциялық алқаның және Редакцияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Егер отырысқа оның құрамының кем дегенде жартысы қатысса, ол заңды деп есептеледі. Шешімдер отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

4. Журналға материалдарды ұсыну тәртібі және мақалаларға қойылатын талаптар

27. Ғылыми мақала, шолу Академия сайтында орналастырылған талаптарға сәйкес ресімделеді.

28. Автор қол қойған ғылыми мақала, шолу редакцияға электрондық нысанда ұсынылады.

29. Бас редактордың көмекшісі қолжазбаны «кездейсоқ» рецензиялауға екі тәуелсіз рецензентке береді. Қолжазбаның рецензенттері ретінде тиісті білім саласында PhD, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы дәрежесі бар және рецензияланатын мақаланың тақырыбы бойынша жарияланымдары бар мамандар болады. Редакция алқаның мүшелері рецензент бола алады.

30. Рецензент 10 жұмыс күні ішінде Бас редактордың көмекшісіне осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан мен критерийлер бойынша қол қойылған рецензияны ұсынады.

31. Бас редактордың көмекшісі рецензенттер рецензияларды ұсынғаннан кейін отырыс күнін Журналдың бас редакторымен келіседі және редакциялық алқаның кезекті отырысын тағайындайды. Отырыста Редакциялық алқа барлық материалдарды қарайды және Журналдың кезекті санында жариялауға арналған материалдардың түпкілікті тізімін бекітеді.

32. Материалды рецензиялау кезінде келіспеушілік туындаған жағдайда, материалдарды жариялау туралы мәселе Редакциялық алқа мүшелерінің ашық дауыс беруімен шешіледі. Соңғы шешім қарапайым көпшілік дауыспен анықталады. Дауыстардың саны тең болған кезде Бас редактордың дауысы шешуші болып табылады.

33. Редакция алқасы қолжазбаларды, егер олар қойылатын ресми талаптарға сәйкес келмесе, қарастырмайды. Журналдың Редакциясы редакциялық өзгеріс енгізу және ұсынылған жұмысты жариялауға қабылдамау құқығын өзіне қалдырады. Тиісті пысықталып жетілдірілген мақала жариялануға мүмкіндік алады. Журнал Редакциясы қабылдамаған мақалалар мен жіберілген құжаттар авторларға қайтарылмайды. Журнал Редакциясы дәйексөздердің, заңнамаға сілтемелердің және авторлар туралы мәліметтердің дәлдігі үшін жауап бермейді. Журнал Редакциясының пікірі автордың ғылыми көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

34. Журналдың жарияланатын материалдарында мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияға қатысты мәліметтерді қамтитын ғылыми және өзге де ақпарат болмауы тиіс. Авторлар бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбауы керек материалдардың мазмұнына толық жауап береді. Мақалаларында плагиат табылған авторлармен Журнал ынтымақтастықты тоқтатады.

35. Келіп түскен мақалалардың және оларға қоса берілетін материалдардың электрондық нұсқалары (қолжазбаның түпнұсқалығын тексеру туралы анықтама-есеп, рецензиялар) редакцияда бес жыл бойы сақталады.

36. Қайта басып шығару және дәйексөздер қолданған жағдайда Журналға сілтемелер жасау қажет.

5. Қорытынды ережелер

37. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академия Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

38. Журналды қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді Академияның Ғылыми кеңесі қабылдайды.

Журналды шығаруды тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, Академия сол атаумен оның шығарылымын қайта бастау құқығын сақтайды.

Ғылыми мақалаға рецензия « _____ »

1. Мақала мазмұнының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі.
2. Ғылыми мақала тақырыбының өзектілігі.
3. Ғылыми жаңалық, автор ұсынған жаңалықтар.
4. Ұсынылған материалдың логикасы мен реттілігі.
5. Ғылыми мақаланың негізгі тұжырымдарының негізділігі.
6. Тіл мен стильдің айқындылығы.
7. Ғылыми мақаланың ұсынысы (жариялауды ұсынамын, ескертумен жариялауды ұсынамын, жариялауды ұсынбаймын).

Рецензенттің Т. А. Ә. _____
(рецензенттің қолы)